

2018 жылға арналған пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 қазандағы № 281 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 26 қазанда № 7264 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы, 1-тармағының 2-тармақшасына сәйкес Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау әлеуметтік мәселелері жөніндегі аудан әкімнің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және өз әрекетін 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таратады.

Аудан әкімі

Б. Өтеулин

Әкімдіктің
2017 жылғы 2 қазандағы
№ 281 қаулысына
қосымша

2018 жылға арналған ұйымдар бөлінісінде пробація қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота мөлшері

№ р/с	Ұйымдардың атауы	Кәсіпорындағы жұмыскерлердің тізімдік саны, адам	Квота мөлшері жұмыскерлердің тізімдік санынан пайыздық көрсетілімде	жұмыс орындарының саны
1	2	3	4	5
1	"Сулу" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	212	0,5	1
2	"Тобольский элеватор" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	93	2,2	2

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК